

Жарнама туралы
Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 508-ІІ Заңы
(2024.09.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Заңның мақсаттары

2-бап. Заңның қолданылу аясы

3-бап. Негізгі ұғымдар

4-бап. Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңдары

5-бап. Жарнамаға авторлық құқық және сабақтас құқықтар

2-тарау. Жарнамаға қойылатын жалпы және арнайы талаптар

6-бап. Жарнамаға қойылатын жалпы талаптар

7-бап. Жөнсіз жарнама түрлері

8-бап. Теле-, радиоарналардағы жарнама

9-бап. Мерзімді баспасөз басылымдарындағы жарнама

10-бап. Кино, бейне және анықтамалық қызмет көрсетудегі жарнама

11-бап. Сыртқы (көрнекі) жарнама

12-бап. Көлік құралдарындағы жарнама

13-бап. Жекелеген өнім түрлерін жарнамалау ерекшеліктері

14-бап. Қаржы, сақтандыру, инвестициялық қызметтерді, бағалы қағаздарды және қамтамасыз етілген цифрлық активтерді жарнамалау ерекшеліктері

14-1-бап. Тауар белгілерін және осы белгілермен белгіленген тауарларды жарнамалау ерекшеліктері

14-2-бап. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шараптың тауар белгісін және (немесе) атауын жарнамалау ерекшеліктері

15-бап. Жарнама жасау, тарату, орналастыру кезінде кәмелетке толмағандарды қорғау

16-бап. Жарнамасы бар материалдарды сақтау мерзімдері

3-тарау. Жарнама саласындағы мемлекеттік реттеу

17-бап. Жарнама саласындағы мемлекеттік реттеу

17-1-бап. Жарнама саласындағы уәкілетті органның және жарнама саласындағы реттеуші мемлекеттік органдардың құзыреті

17-2-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті

18-бап. Жарнамалық ақпарат беру

19-бап. Теріске шығару

20-бап. Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

21-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында жарнама жасау, тарату, орналастыру және пайдалану процесінде туындайтын қатынастарды реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Заңның мақсаттары

Осы Заңның мақсаттары жарнаманы жасау, тарату, орналастыру және пайдалану үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, жарнама саласындағы [жосықсыз бәсекеден](#) қорғау, жөнсіз жарнаманы болғызбау және оларға тыйым салу болып табылады.

2-бап. Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заң [Қазақстан Республикасының аумағында](#) жарнама жасайтын, тарататын, орналастыратын және пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың қызметі процесінде туындайтын қатынастарға қолданылады.

2. Осы Заң жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты болмайтын хабарландыруларына, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарландыруларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының [заң актілеріне](#) сәйкес жүзеге асырылатын саяси үгіт пен насихатқа қолданылмайды.

2023.10.07. № 19-VIII ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды (2023 ж. 10 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

3. Онлайн-жарнаманы реттеу ерекшеліктері «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасының [Заңында](#) белгіленеді.

3-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

2014.29.12. № 269-V ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1) әлеуметтік жарнама - адамдардың беймәлім тобына арналған және қайырымдылық пен коммерциялық емес сипаттағы өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге, сондай-ақ мемлекет мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған ақпарат;

2007.19.06 № 264-III ҚР Заңымен 1-1) тармақшамен толықтырылды; 2014.29.12. № 269-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1-1) тармақша жаңа редакцияда

1-1) дараландыру құралы - тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді), азаматтық айналымға қатысушыларды айыруға арналған белгілеме (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі және басқа);

2014.29.12. № 269-V ҚР Заңымен 1-2) тармақшамен толықтырылды; 2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 1-2) тармақша жаңа редакцияда (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1-2) жарнама - кез келген құралдардың көмегімен кез келген нысанда таратылатын және (немесе) орналастырылатын, белгілі бір адамдар тобына арналмаған және жеке немесе заңды тұлғаға, тауарларға, тауар белгілеріне, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға арналған және оларды өткізуге ықпал ететін ақпарат;

1-3) 2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2) жөнсіз жарнама - мазмұнына, уақытына, таратылу, орналастырылу орнына және тәсіліне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуына жол берілген жосықсыз, дәйексіз, әдепсіз, көрінеу жалған және жасырын жарнама;

3) жарнама беруші - жарнама жасау, тарату және орналастыру үшін жарнамалық ақпарат көзі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

4) жарнама жасаушы - жарнамалық ақпаратты тарату және орналастыру үшін дайын нысанға келтіруді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 4-1) тармақшамен толықтырылды (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді)

4-1) жарнама саласындағы реттеуші мемлекеттік органдар - жарнама қызметі жүзеге асырылатын жекелеген салада басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;
2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 4-2) тармақшамен толықтырылды (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді)

4-2) жарнама саласындағы уәкілетті орган - жарнама саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
2012.18.01. № 546-IV ҚР Заңымен 5) тармақша жаңа редакцияда (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5) жарнама таратушы - мүлікті, оның ішінде телерадио хабарларын таратудың техникалық құралдарын беру және (немесе) пайдалану жолымен және өзге де тәсілдермен жарнамалық ақпаратты тарату мен орналастыруды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

6) жарнама тұтынушылар - жарнама арналған жеке және (немесе) заңды тұлғалардың беймәлім тобы;
2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 7) тармақша жаңа редакцияда (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

7) жүгіртпе жол - сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде орналастырылатын немесе телеарналар бойынша, кино және бейне қызмет көрсетуде берілетін жарнаманы тарату тәсілі, бұл жиынтығында белгілі бір ақпаратты құрайтын әріптер, цифрлар, белгілер тіркесінің тізбектесіп алмасуымен (қозғалуымен) сипатталады;
2011.05.07. № 452-IV ҚР Заңымен 7-1) тармақшамен толықтырылды (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізілді); 2014.29.12. № 269-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 7-1) тармақша жаңа редакцияда

7-1) көше жиһазы (жабдығы) - елді мекендерде үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орнатылатын декоративтік сипаттағы және практикалық пайдаланылатын объектілер (гүл құмыралары, павильондар, отырғыштар, орындықтар, жәшіктер, қоғамдық көлік аялдамалары, ақпараттық панель, балалар ойындарына және ересек тұрғындардың демалысына арналған жабдықтар мен конструкциялар);
2014.29.12. № 269-V ҚР Заңымен 7-2) тармақшамен толықтырылды; 2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 7-2) тармақша жаңа редакцияда (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

7-2) маңдайша - дараландыру құралдарын қоса алғанда, жеке және заңды тұлғалардың атауы және қызметінің түрі туралы ғимаратқа кірер жолдардың саны бойынша оған кірер жолдың шегінде және (немесе) алып жатқан аумақ қоршауына кірер жолда, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың нақты тұрған және тауарларды өткізетін, жұмыстарды орындайтын және қызметтерді көрсететін жерлердегі ғимараттарының, оларға жапсарлас құрылыстарының және уақытша құрылысжайларының шегіндегі шатырларда және қасбеттерде орналастырылатын ақпарат;
2017.28.12. 128-VI ҚР Заңымен 7-3) тармақшамен толықтырылды; 2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 7-3) тармақша жаңа редакцияда (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

7-3) нұсқағыш - жерде немесе байланыс желісі мен жарық беру тіреулерінде орналастырылған, ұйымның, сауда немесе өзге де объектінің тұрған жерін көрсететін және оларға тікелей жақын жерде орналасқан, тек қана олардың атауы, дараландыру құралы (болған кезде) және навигация туралы ақпаратты қамтитын, екі шаршы метрді қоса алғанға дейінгі көлемдегі конструкция;

8) 2014.29.12. № 269-V ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 9) тармақшамен толықтырылды (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді)

9) сыртқы (көрнекі) жарнама - сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде орналастырылған және елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде көзбен көруге қол жетімді жарнама;

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 10) тармақшамен толықтырылды (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді)

10) сыртқы (көрнекі) жарнама объектісі - жарнаманы тарату және (немесе) орналастыру үшін пайдаланылатын құрылысжайлар, әртүрлі көлемдегі немесе жалпақ конструкциялар, оның ішінде экрандар мен электронды таблолар, жарықты конструкциялар және өзге де құралдар;

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 11) тармақшамен толықтырылды (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді)

11) телесауда - тауарларды өткізу немесе қызметтерді көрсету мақсатында телеарнадағы жария ұсыныс.

4-бап. Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңдары Қазақстан Республикасының [Конституциясына](#) негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

5-бап. Жарнамаға авторлық құқық және сабақтас құқықтар

Жарнама авторлық құқықтың және сабақтас құқықтардың толық немесе ішінара объектісі бола алады. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар Қазақстан Республикасының [заңдарына](#), сондай-ақ халықаралық шарттарға сәйкес қорғалуға тиіс.

2-тарау. ЖАРНАМАҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ТАЛАПТАР

6-бап. Жарнамаға қойылатын жалпы талаптар

2019.02.04. № 241-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

1. Жарнама, электрондық коммерция саласын қоса алғанда, таратудың, орналастырудың нысанына немесе пайдаланылатын құралына қарамастан, анық, тікелей ұсынылу кезінде танылатын болуға тиіс.

2007.19.06 № 264-III ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара); 2017.28.12. 128-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2021.29.12. № 94-VII ҚР Заңымен (бұр. ред. қара) 2-тармақ өзгертілді

2. Қазақстан Республикасының аумағындағы жарнама (мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-ресурстарды, ақпараттық агенттіктерді қоспағанда) қазақ тілінде, ал жарнама берушінің қалауы бойынша орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де таратылады.

Жарнама мазмұнының аудармасы оның негізгі мағынасын бұрмаламауға тиіс.

Жарнама мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы [Заңының](#) талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2-1. 2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

3. 2007.19.06 № 264-III ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

4. Қазақстан Республикасының [заңдарына](#) сәйкес жасалуына және сатылуына тыйым салынған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жарнамалауға жол берілмейді.

Егер жарнама беруші жүзеге асыратын қызмет [лицензиялануға](#) тиіс болса, онда тиісті тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жарнамалау кезінде, сондай-ақ жарнама берушінің өзін жарнамалау кезінде, радиодағы жарнаманы қоспағанда, лицензияның нөмірін және лицензия берген органның атауын көрсету қажет.

2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) 4-1-тармақпен толықтырылды

4-1. Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) жарнамасында бағаны (тарифтерді, бағалауларды, мөлшерлемелерді) көрсету теңгемен жүзеге асырылады.

2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) 5-тармақ өзгертілді (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелмеген діни бірлестіктер мен рухани (діни) білім беру ұйымдарын жарнамалауға тыйым салынады.

2015.24.04. № 310-V ҚР [Заңымен](#) 5-1-тармақпен толықтырылды

5-1. Электрондық казиноны және интернет-казиноны жарнамалауға тыйым салынады.

2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) 6-тармақ жаңа редакцияда (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

6. Жарнама Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың дәріптелуін, порнографияны насихаттау немесе үгіттеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді тарату үшін пайдаланылмауға тиіс.

2007.19.06 № 264-III ҚР [Заңымен](#) 7-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)

7. Жарнама қоғамда дүрбелең туғызбауға, жеке тұлғаларды агрессияға бастамауға, сондай-ақ құқыққа қарсы өзге де әрекетті (әрекетсіздікті) қоздырмауға тиіс.

8. 2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

8. 2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) 9-тармақпен толықтырылды (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді); 2023.20.04. № 226-VII ҚР [Заңымен](#) 9-тармақ өзгертілді (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

9. Осы тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуметтік жарнамада дараландыру құралдары туралы, жеке және заңды тұлғалар туралы айтуға жол берілмейді.

Белгіленген шектеулер мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, демеушілер, арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж немесе емделуге мұқтаж, өздеріне қайырымдылық көмек көрсетілу мақсатындағы жеке тұлғалар туралы айтуға қолданылмайды. Әлеуметтік жарнамада әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдар туралы, егер осы жарнаманың мазмұны осындай коммерциялық емес ұйымдардың

қайырымдылық немесе өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қызметі туралы ақпаратпен тікелей байланысты болса, айтуға жол беріледі.

Радиобағдарламаларда таратылатын әлеуметтік жарнамада демеушілер туралы айту ұзақтығы - әрқайсысы туралы үш секундтан, телебағдарламаларда, кино және бейне қызмет көрсету кезінде таратылатын әлеуметтік жарнамада әрқайсысы туралы үш секундтан аспауға тиіс және мұндай айтуға - кадр алаңының жетіден аспайтын пайызы, ал басқа да тәсілдермен таратылатын әлеуметтік жарнамада жарнама алаңының (кеңістігінің) бестен аспайтын пайызы бөлінуге тиіс. Көрсетілген шектеулер әлеуметтік жарнамада арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж немесе емделуге мұқтаж, өздеріне қайырымдылық көмек көрсетілу мақсатындағы жеке тұлғалар туралы айтуға қолданылмайды.

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 10-тармақпен толықтырылды (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді)

10. Жарнамаға шектеулер осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарында белгіленеді.

7-бап. Жөнсіз жарнама түрлері

1. Мынадай:

1) жарнамаланатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) басқа жеке немесе заңды тұлғалардың тауарларымен (жұмыстарымен, көрсетілетін қызметтерімен) салыстыратын, сондай-ақ олардың абыройына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне кір келтіретін сөздері, бейнелері бар;

2) басқа өнімдерді жарнамалауда пайдаланылатын фирмалық атауды, тауар белгісін, фирмалық ораманы, тауардың сыртқы безендірілуін, формулаларын, бейнелері мен басқа да коммерциялық белгілемелерін көшіріп алу арқылы не олардың сенімін теріс пайдалану арқылы жарнамаланатын өнімдерге қатысты тұтынушыларды жаңылдыратын;

3) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылуы тауардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сипатына, дайындалу тәсіліне, қасиеттеріне, қолдануға жарамдылығына немесе санына қатысты жаңылыстыруы мүмкін нұсқамалары немесе дәйектемелері бар;

2007.19.06 № 264-III ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара)

4) жарнамаланатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) пайдаланбайтын жеке немесе заңды тұлғалардың беделін түсіретін, қорлайтын және мазақ ететін;

2007.19.06 № 264-III ҚР Заңымен 5) тармақшамен толықтырылды

5) Қазақстан Республикасының заңымен жарнамалауға тыйым салынған тауарлар жарнамасы, егер мұндай жарнама тауар белгісі немесе қызмет көрсету белгісі жарнамалауға тыйым салынған тауардың тауар белгісімен немесе қызмет көрсету белгісімен айырғысыз дәрежеде бірдей немесе ұқсас басқа тауарды жарнамалау түрінде, сондай-ақ осындай тауарды дайындаушыны немесе сатушыны жарнамалау түрінде жүзеге асырылса, жарнама жосықсыз жарнама болып табылады.

2. Мыналарға:

2012.10.07. № 31-V ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара)

1) өнімдердің табиғаты, құрамы, дайындау тәсілі мен күні, мақсаты, тұтыну қасиеттері, пайдалану шарттары, сәйкестік сертификатының, сертификат белгілерінің және ұлттық стандарттарға сәйкестік белгілерінің болуы, саны, шығарылған жері сияқты сипаттамаларына;

2) өнімнің нарықта болуына, оны белгілі бір орында сатып алу мүмкіндігіне;

3) жарнама тарату және орналастыру кезіндегі өнімнің құны (бағасы) мен ақы төлеудің қосымша шарттарына;

- 4) өнімдерді жеткізуге, айырбастауға, қайтаруға, жөндеуге және оларға қызмет көрсетуге;
- 5) кепілдік міндеттемелерге, қызмет мерзімдеріне, жарамдылық мерзімдеріне;
- 6) қолданудың болжамды нәтижелеріне;
- 7) заңды тұлғаның зияткерлік қызметінің және соған теңестірілген даралау құралдарының, өнімнің, орындалған жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтің нәтижелеріне берілетін айрықша құқықтарға;
- 8) мемлекеттік нышандарды (елтаңба, жалау, гимн), сондай-ақ халықаралық ұйымдардың нышандарын пайдалану құқықтарына;
- 9) ресми тануға, медальдар, жүлделер, дипломдар және өзге де наградалар алуға;
- 10) өнімнің толық топтамасын, егер ол топтаманың бір бөлігі болып табылса, сатып алу тәсілдері туралы ақпарат ұсынуға;
- 11) зерттеулер мен сынақтар нәтижелеріне, ғылыми терминдерге, техникалық, ғылыми және өзге де жарияланымдардан алынатын дәйек-сөздерге;
- 12) басқа адамдардың өнеркәсіптік немесе сауда қызметінің, жеке немесе заңды тұлғаның беделін түсіретін кәсіпкерлік қызметте жүзеге асырылатын тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы ұйғарымдарға;

2010.19.03. № 258-IV ҚР Заңымен 13) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

- 13) негізділігі асыра көрсетілген түрінде берілмеуге тиіс статистикалық ақпаратқа;
- 14) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) жасаушының, сатушының немесе оларды жарнамалайтын адамдардың мәртебесіне немесе құзыреттілік деңгейіне қатысты шындыққа сай келмейтін мәліметтері бар жарнама дәйексіз жарнама болып табылады.

3. Мыналар:

2014.29.12. № 269-V ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

- 1) жеке тұлғалардың нәсіліне, ұлтына, тіліне, кәсібіне, әлеуметтік жағдайына, жасына, жынысына, діни және саяси нанымына қатысты қорлайтын сөздерді, теңеулерді, бейнелерді пайдалану арқылы жалпыға бірдей қабылдаған ізгілік пен мораль нормаларын бұзатын мәтіндік, көріністі, дыбыстық ақпаратты қамтитын;
 - 2) ұлттық немесе әлемдік игілік болып табылатын өнер, мәдениет объектілеріне, тарих ескерткіштеріне нұқсан келтіретін;
 - 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарына, ұлттық валютасына немесе шетел валютасына, діни нышандарға нұқсан келтіретін жарнама әдепсіз жарнама болып табылады.
4. Жарнама берушінің (жарнама жасаушы, жарнама таратушы) жарнама тұтынушыны қасақана жаңылыстыратын, жарнамалау көмегімен берілетін жарнамасы көрінеу жалған жарнама болып табылады.
5. Радио, теле, бейне, дыбыс және кино өнімдерінде, сондай-ақ өзге де өнімдерде, соның ішінде арнаулы бейнеқосылғыларды, қосарланған дыбыс жазбаларын пайдалану арқылы және өзге де тәсілдермен тұтынушының қабылдауына, түйсігіне аңдаусыз әсер ететін жарнама жасырын жарнама болып табылады.
6. Жөнсіз жарнамаға тыйым салынады.

2012.18.01. № 546-IV ҚР Заңымен 8-бап жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

8-бап. Теле-, радиоарналардағы жарнама

2017.28.12. 128-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); 2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен (2024 ж. 8 маусымнан бастап

қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара); 2024.08.07. № 116-VIII ҚР Заңымен (2024 ж. 20 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара) 1-тармақ өзгертілді

1. Жарнама сипатындағы хабарлар мен материалдарға мамандандырылмаған теле-, радиоарналардағы жарнама, жүгіртпе жолды, әлеуметтік жарнаманы, үшінші тұлғалардың жарнамасын қамтымайтын, теле-, радиоарналардың өз өнімі туралы ақпаратты (анонстарды), теле-, радиоарна дайындаған және өткізетін іс-шаралар туралы хабарландыруды, сондай-ақ тікелей эфирде немесе тікелей эфирдің қайталау жазбасында трансляцияланатын оқиға орнында орналастырылатын жарнаманы қоспағанда, тәулігіне хабар таратудың жалпы көлемінің жиырма пайызынан аспауға тиіс.

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 1-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

Тәулігіне жарнама таратудың жалпы көлемінде жарнаманың жергілікті уақытпен сағат он сегізден бастап жиырма үшке дейінгі уақыт кезеңіндегі жалпы ұзақтығы хабар тарату уақытының бір сағаты ішінде жиырма пайыздан артық болмауға тиіс.

Теле-, радиоарналардағы қазақ тіліндегі жарнаманың жергілікті уақытпен сағат нөлден бастап есептелетін, әрбір алты сағат сайынғы уақыт аралығындағы көлемі басқа тілдерде таратылатын жарнаманың жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс.

Әлеуметтік жарнаманы қоспағанда, теле-, радиоарналардағы қазақ және орыс тілдеріндегі, сондай-ақ жарнама берушінің қалауы бойынша басқа да тілдердегі жарнаманың көлемі масс-медиа саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын масс-медианың мониторингін жүргізу қағидаларына сәйкес орналастырылатын жарнама материалдарының хронометражымен айқындалады.

Тек қана жарнама сипатындағы хабарларға мамандандырылған теле-, радиоарналардағы телесауда көлемі шектелмейді.

Жарнаманы трансляциялау кезінде оның дыбысы трансляцияланатын бағдарлама дыбысынан жоғары болмауға тиіс.

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 1-1-тармақпен толықтырылды (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді); 2021.29.12. № 94-VII ҚР Заңымен 1-1-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)

1-1. Міндетті теле-, радиоарналарда өтеусіз негізде орналастырылатын әлеуметтік жарнаманың күнделікті көлемі жергілікті уақытпен сағат он сегізден бастап есептелетін, ұзақтығы алты сағат уақыт аралығында міндетті түрде екі рет шыға отырып, жергілікті уақытпен таңғы сағат алтыдан бастап есептелетін, ұзақтығы он сегіз сағат уақыт аралығында кемінде он рет шығуға тиіс.

Әлеуметтік жарнама Қазақстан Республикасының аумағында қазақ тілінде, ал жарнама берушінің қалауы бойынша орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де эфирге оның күн сайынғы шығатын барлық уақыты бойы біркелкі таратылады.

2. Жарнаманы қосарластыру түрінде, оның ішінде жүгіртпе жол тәсілімен пайдалану кезінде оның көлемі кадр алаңының жеті жарым пайызынан аспауға және телебағдарламалардағы мәтіндік немесе ақпараттық материалды бұзбауға тиіс.

3. Ресми хабарламалардың, Қазақстан Республикасы Президенттігіне және өкілді органдар депутаттығына кандидаттар сөздерінің, білім беру және діни телебағдарламалардың трансляциясын, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерге арналған жарнамаларды қоспағанда, балалар телебағдарламалары көрсетілімдерін жарнамамен, оның ішінде жүгіртпе жол тәсілімен де бөлуге тыйым салынады.

4. Ұлттық аза тұту күндерінде теле-, радиоарналарында жарнамаға тыйым салынады.

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 9-бап жаңа редакцияда (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2024.19.06. № 94-VIII ҚР Заңымен 9-бап өзгертілді (2024 ж. 20 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

9-бап. Мерзімді баспасөз басылымдарындағы жарнама

Мерзімді баспасөз басылымдары жарнаманы, оның тақырыбын дербес айқындайды.

Жазылу арқылы таратылатын мерзімді баспасөз басылымдары жазылу шарттарында басылымның тақырыптық бағытын көрсетуге міндетті.

Мерзімді баспасөз басылымдарындағы жарнама масс-медианы есепке қою туралы куәлікте бекітілген тілде орналастырылады.

10-бап. Кино, бейне және анықтамалық қызмет көрсетудегі жарнама

1. Сериялар арасындағы үзілістерді қоспағанда, кино және бейне қызмет көрсетудегі фильмнің қойылымын жарнамамен бөліп жіберуге тыйым салынады.

2. Анықтамалық қызмет көрсету кезінде жарнама сұратылған ақпарат хабарланғаннан кейін ғана беріледі.

3. Ақылы анықтамалық компьютерлік және өзге де қызмет көрсету кезінде жарнама клиенттің келісуімен ғана таратылады. Мұндай жарнаманың құны сұратылған ақпараттың құнына кірмеуге тиіс.

11-бап. Сыртқы (көрнекі) жарнама

2007.19.06 № 264-III ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара); 2011.05.07. № 452-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара); 2013.05.12. № 152-V ҚР Заңымен (2014 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара); 2014.29.12. № 269-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді, бұр.ред.қара, 2021 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді бұр.ред.қара) 1-тармақ жаңа редакцияда; 2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

1. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде, оның ішінде ғимараттардың (құрылысжайлардың) сыртқы жақтарына орналастырылатын жарнама бейнелерін және (немесе) ақпаратын бейнелеу және салу арқылы жүзеге асырылады.

Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, автомобиль жолдары және жол жүрісі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері ұлттық стандарттарға сәйкес келуге тиіс.

2014.29.12. № 269-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2016.29.03. № 479-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1-1-тармақ жаңа редакцияда

1-1. Сыртқы (көрнекі) жарнамаға:

1) маңдайша;

2) жұмыс режимі туралы ақпарат;

2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

3) мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишалары;

4) 2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен алып тасталды (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен 5) тармақша жаңа редакцияда (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

5) автожанармай құю станцияларына, автогаз құю станцияларына, газ толтыру пункттеріне, газ толтыру станцияларына, автогаз толтыру компрессорлық станцияларына кірген жерде орналастырылатын мұнай өнімдері мен сұйытылған мұнай газының түрлері, мұнай өнімдерінің және сұйытылған мұнай газының бағалары, сатушының атауы мен логотипі туралы ақпарат;»;

б) мәдени құндылықтар туралы және (немесе) тарихи-мәдени мұра объектілері туралы, оның ішінде тарих пен мәдениет ескерткіштері туралы ақпарат (мәліметтер);

2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен 7) тармақша жаңа редакцияда (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

7) ғимаратқа кірер жолдардың саны бойынша оған кірер жолдың шегінде және (немесе) алып жатқан аумақтың қоршауына кірер жолда, сондай-ақ айырбастау пункттері ғимараттарының, оларға жапсарлас құрылыстарының және уақытша құрылысжайларының шегіндегі шатырларда және қасбеттерде орналастырылатын, қолма-қол шетел валютасын және алтынды теңгемен сатып алу және (немесе) сату бағамдары туралы мәліметтер бар ақпарат;

2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен 8) тармақша жаңа редакцияда (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара); 2024.08.07. № 116-VIII ҚР Заңымен 8) тармақша өзгертілді (2024 ж. 9 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

8) сырттан көзбен көру үшін сөрелер мен терезелерді ішкі безендіру;
2024.08.07. № 116-VIII ҚР Заңымен 9) тармақшамен толықтырылды (2024 ж. 9 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

9) спорт құрылысжайларының ішінде орналастырылған букмекерлік кеңселердің немесе тотализаторлардың жарнамасы жатпайды.

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 1-2-тармақ өзгертілді (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

1-2. Сыртқы (көрнекі) жарнама және сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері жолдың көліктік-пайдалану сапасын төмендетпеуге, көлік құралдарының жол жүрісі қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау талаптарын бұзбауға, жол белгілеріне және нұсқағыштарына ұқсас болмауға, олардың көрінуін немесе қабылдау тиімділігін нашарлатпауға, жол пайдаланушылардың көздерін қарықтырмауға тиіс.

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 1-2-тармақ жаңа редакцияда (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

2. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру туралы хабарлама жіберілген жағдайда жол беріледі.

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 2-1-тармақпен толықтырылды (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді)

2-1. Хабарламаларды сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыратын жарнама таратушылар:

сыртқы (көрнекі) жарнаманы республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, облыстық маңызы бар қалалардағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырған кезде - республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына;

сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырған кезде аудандардың жергілікті атқарушы органдарына жібереді.

2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) 2-2-тармақпен толықтырылды (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді)

2-2. Хабарлама сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырылатын болжамды күнге дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Хабарламаға:

1) сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырылатын кезең мен орын туралы ақпарат бар мәліметтер нысаны;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бірінші айы үшін төлемақының енгізілгенін растайтын құжат;

2021.29.12. № 94-VII ҚР [Заңымен](#) 3) тармақша өзгертілді ([бұр. ред. қара](#))

3) нобайларымен қоса жарнаманың еркін нысандағы сипаты қоса беріледі.

Жергілікті атқарушы органдар ұсынылған материалдарға жойылуы міндетті жазбаша уәжді ескертулер беруге құқылы.

Жергілікті атқарушы органдар ескертулер берген жағдайда, сыртқы (көрнекі) жарнама ескертулер жойылған жағдайда ғана орналастырылуы мүмкін.

2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) 2-3-тармақпен толықтырылды (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді)

2-3. Жергілікті атқарушы органдар хабарламаны алған күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде жауап ұсынбаған жағдайда, өтініш беруші сыртқы (көрнекі) жарнаманы өзі мәлімдеген мерзімдерде орналастыруға құқылы.

2013.13.06. № 101-V ҚР [Заңымен](#) ([бұр. ред. қара](#)); 2013.05.12. № 152-V ҚР [Заңымен](#) (2014 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр. ред. қара](#)); 2016.29.03. № 479-V ҚР [Заңымен](#) ([бұр. ред. қара](#)); 2017.11.07. № 90-VI ҚР [Заңымен](#) (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 2018 ж. 1 қаңтардан бастап; халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр. ред. қара](#)) 3-тармақ жаңа редакцияда

3. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде төлемақы алынады.

2013.13.06. № 101-V ҚР [Заңымен](#) ([бұр. ред. қара](#)); 2014.07.11. № 248-V ҚР [Заңымен](#) ([бұр. ред. қара](#)); 2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр. ред. қара](#)) 4-тармақ жаңа редакцияда

4. Осы баптың 2-1-тармағында айқындалған жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік кіріс органдарына Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен төлемақы төлеушілер, төлемақы сомалары, сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырылатын кезең мен орын, хабарламаның жіберілгені (жіберілмегені) туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) 5-тармақ жаңа редакцияда (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр. ред. қара](#))

5. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы тарих пен мәдениет ескерткіштерінде және олардың қорғау аймақтарында, ғибадат ғимараттарында (құрылысжайларында) және оларға

бөлінген аумақ пен олардың қоршауларында, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналастыруға тыйым салынады.

6. 2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*
2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) 7-тармақ өзгертілді (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

7. Егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің меншік иелерімен немесе сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріне өзге заттай құқықтары бар тұлғалармен жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.

Ғимараттардың (құрылысжайлардың) сыртқы жақтарына орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің меншік иелері немесе сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріне өзге заттай құқықтары бар тұлғалар:

сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін тиісінше эстетикалық, санитариялық және техникалық жай-күйде ұстап тұруға;

адамдардың өмірі мен денсаулығы, барлық меншік нысанындағы мүлік үшін сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

шартта белгіленген орналастыру мерзімі өткеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін бөлшектеуге міндетті.

Ғимараттардың (құрылысжайлардың) сыртқы жағына орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің меншік иелері немесе сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріне өзге заттай құқықтары бар тұлғалар белгіленген мерзімде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін бөлшектеу жөніндегі міндетін орындамаған немесе сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің меншік иесі белгісіз болған жағдайда, жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ғимараттардың (құрылысжайлардың) меншік иелеріне немесе ғимараттарға (құрылысжайларға) өзге заттай құқықтары бар тұлғаларға сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін бөлшектеу туралы орындалуы міндетті нұсқама береді.

Сыртқы жағына сыртқы (көрнекі) жарнама объектісі орналастырылған ғимараттардың (құрылысжайлардың) меншік иелері, тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері немесе кондоминиум объектісін басқару органы, ғимараттарға (құрылысжайларға) өзге заттай құқықтары бар тұлғалар нұсқама берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін бөлшектеуге міндетті. Ғимараттардың (құрылысжайлардың) сыртқы жағына орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің меншік иелері немесе сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріне өзге заттай құқықтары бар тұлғалар ғимараттар (құрылысжайлар) меншік иелерінің, тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің немесе кондоминиум объектісін басқару органының, ғимараттарға (құрылысжайларға) өзге заттай құқықтары бар тұлғалардың талап етуі бойынша сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін бөлшектеуге байланысты шеккен шығындарды өтеуге міндетті.

Ғимараттардың (құрылысжайлардың) сыртқы жағына орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің меншік иелері немесе сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріне өзге заттай құқықтары бар тұлғалар шығындарды ерікті түрде өтеуден бас тартқан жағдайда, ғимараттардың (құрылысжайлардың) меншік иелері, тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері немесе кондоминиум объектісін басқару органы, ғимараттарға (құрылысжайларға) өзге заттай құқықтары бар тұлғалар сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін бөлшектеу кезінде шеккен шығындарын өтеу туралы талап қою арызымен сотқа жүгінуге құқылы.

Сыртқы (көрнекі) жарнаманы жекеше меншік объектілерінде орналастыру жөніндегі көрсетілетін қызметке тұрақты мемлекеттік бағалар (тарифтер) белгілеуге тыйым салынады.

2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) 8-тармақпен толықтырылды (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді)

8. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы жергілікті атқарушы органдар не өткізілген ашық конкурстардың қорытындысы негізінде жергілікті атқарушы органдармен жасалған тиісті шарттар негізінде өз қаражаты есебінен инвесторлар орнататын көше жиһазына (жабдығына) орналастыруға жол беріледі. Жеке және заңды тұлғалар инвесторлар бола алады.

2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) 12-бап өзгертілді (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

12-бап. Көлік құралдарындағы жарнама

Көлік құралдарында жарнама орналастыру жол жүрісі қауіпсіздігі қағидалары сақтала отырып, көлік құралдарының меншік иелерімен және егер заңда немесе шартта осы мүлікке өзге де заттық құқықтарға ие тұлғаларға қатысты өзгеше көзделмесе, көлік құралдарына өзге де заттық құқықтарға ие тұлғалармен жасалған шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

Көлік құралдарында жарнама орналастыру сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру туралы хабарлама жіберілмей және сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы алынбай жүзеге асырылады.

2006.07.07. № 171-III ҚР [Заңымен](#) 13-бап жаңа редакцияда ([бұр. ред. қара](#)); 2007.19.06 № 264-III ҚР [Заңымен](#) тақырып толықтырылды ([бұр. ред. қара](#)); 2009.16.07 № 186- IV ҚР [Заңымен](#) ([бұр.ред.қара](#)); 2014.17.01. № 166-V ҚР [Заңымен](#) ([бұр.ред.қара](#)) 13-бап өзгертілді

13-бап. Жекелеген өнім түрлерін жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жарнамалау ерекшеліктері

1. Мыналарды:

2020.30.12. № 394-VI ҚР [Заңымен](#) 1) тармақша өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))

- 1) этил спиртін және алкоголь өнімін, алкогольді сусындарды имитациялайтын өнімді;
- 2) ана сүтін алмастырушыларды;

2016.29.03. № 479-V ҚР [Заңымен](#) 3) тармақша жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

- 3) сәйкестікті растаудан өтпеген, сәйкестігі міндетті түрде расталуға жататын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді);

2020.07.07. № 361-VI ҚР [Заңымен](#) 4) тармақша өзгертілді ([бұр.ред.қара](#)); 2024.19.04. № 74-VIII ҚР [Заңымен](#) 4) тармақша жаңа редакцияда (2024 ж. 20 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

- 4) темекі мен темекі бұйымдарын, оның ішінде шегілмейтін темекі бұйымдарын, қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекіні қыздыруға арналған жүйелерді, электрондық тұтыну жүйелерін (вейптерді) және оларға арналған сұйықтықтарды, темекі бұйымдарын имитациялайтын өнімдерді;

2020.07.07. № 361-VI ҚР [Заңымен](#) 5) тармақша өзгертілді ([бұр.ред.қара](#)); 2024.19.04. № 74-VIII ҚР [Заңымен](#) 5) тармақша жаңа редакцияда (2024 ж. 20 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

- 5) алкоголь өніміне, темекі және темекі бұйымдарына, оның ішінде шегілмейтін темекі бұйымдарына, қыздырылатын темекісі бар бұйымдарға, қорқорға арналған темекіге, қорқор қоспасына, темекіні қыздыруға арналған жүйелерге, электрондық тұтыну жүйелеріне (вейптерге) және оларға арналған сұйықтықтарға сұраныс пен қызығушылықты

ынталандыруға бағытталған әртүрлі іс-шаралар өткізу, соның ішінде жүлделі ұтыс ойындарын, лотереяларды ойнату нысанында;

2020.07.07. № 361-VI ҚР Заңымен 5-1) тармақшамен толықтырылды

5-1) теле- және бейнефильмдерді қоса алғанда, балаларға арналған аудиокөрінім туындыларда, театр-ойын-сауық көрсетілімдерде, радио-, теле-, бейне- және кинохроникалық бағдарламаларда темекі бұйымдарын және темекі тұтыну процесін көрсету, сондай-ақ темекі бұйымдарын және темекі тұтыну процесін көрсету жүзеге асырылатын көрсетілген туындыларды, көрсетілімдері, бағдарламаларды көпшілік алдында орындау, эфирге, кабель арқылы хабарлау және кез келген басқа да пайдалану нысанында;

2020.07.07. № 361-VI ҚР Заңымен 5-2) тармақшамен толықтырылды

5-2) егер мұндай әрекет көркем ойдың ажырамас бөлігі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, теле- және бейнефильмдерді қоса алғанда, ересектерге арналған аудиокөрінім туындыларда, театр-ойын-сауық көріністерінде, радио-, теле-, бейне- және кинохроникалық бағдарламаларда темекі бұйымдарын және темекі тұтыну процесін көрсету, сондай-ақ темекі бұйымдарын және темекі тұтыну процесін көрсету жүзеге асырылатын көрсетілген туындыларды, көрсетілімдерді, бағдарламаларды көпшілік алдында орындау, эфирге, кабель арқылы хабарлау және кез келген басқа да пайдалану нысанында;

б) қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметін жарнамалауға тыйым салынады. *2007.19.06 № 264-III ҚР Заңымен 1-1-тармақпен толықтырылды; 2014.18.06. № 210-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2020.07.07. № 361-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2020.30.12. № 394-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 1-1-тармақ өзгертілді; 2024.19.04. № 74-VIII ҚР Заңымен 1-1-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 20 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

1-1. Осы Заңның 14-2-бабының талаптарына сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шараптың тауар белгісін және (немесе) атауын жарнамалауды қоспағанда, алкоголь өнімін, алкогольді сусындарды имитациялайтын өнімді, темекі және темекі бұйымын, оның ішінде шегілмейтін темекі бұйымдарын, электрондық тұтыну жүйелерін (вейптерді) және оларға арналған сұйықтықтарды тікелей немесе жанама ұсынатын, алкоголь өнімінің, алкогольді сусындарды имитациялайтын өнімнің, темекі және темекі бұйымының, оның ішінде шегілмейтін темекі бұйымдарының, қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың, қорқорға арналған темекінің, қорқор қоспасының, темекі қыздыруға арналған жүйелердің, электрондық тұтыну жүйелерінің (вейптердің) және оларға арналған сұйықтықтардың атауы ретінде белгілі болған тауар белгісінің элементтерін және (немесе) атауын пайдалана отырып, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жарнамалауға тыйым салынады.

2016.29.03. № 479-V ҚР Заңымен 1-2-тармақпен толықтырылды; 2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 1-2-тармақ жаңа редакцияда (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1-2. Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелмеген ұйымдардың өнімдердің сәйкестігін міндетті растау жөнінде қызметтер көрсетуді және (немесе) сәйкестігін растау саласындағы делдалдық қызметтер көрсетуді жарнамалауына тыйым салынады.

2020.10.06. № 343-VI ҚР Заңымен 1-3-тармақпен толықтырылды

1-3. Лотерея операторы және (немесе) лотерея операторымен жасалатын тапсырма шарты шеңберінде лотерея таратушылар (агенттері) орналастыратын жарнаманы қоспағанда, лотереяны жарнамалауға тыйым салынады.

2024.08.07. № 116-VIII ҚР Заңымен 1-4-тармақпен толықтырылды (2024 ж. 9 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

1-4. Букмекерлік кеңселерді және (немесе) тотализаторларды:

1) букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор орналасқан жерде, спорт құрылысжайларының ішінде және спортшылардың керек-жарақтарында орналасқан жарнаманы қоспағанда, сыртқы (көрнекі);

2) көлік құралдарында;

3) масс-медиа саласындағы уәкілетті органда тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарында спорт тақырыбы бағытындағы, сондай-ақ отандық телеарналардың халықаралық спорттық жарыстарды тікелей трансляциялау кезіндегі жарнаманы қоспағанда, масс-медиада, кино-, бейне- және анықтамалық қызметтер көрсетуде жарнамалауға тыйым салынады.

2024.08.07. № 116-VIII ҚР Заңымен 1-5-тармақпен толықтырылды (2024 ж. 9 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

1-5. Букмекерлік кеңселердің және (немесе) тотализаторлардың жарнамасында букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың тек атауы, тауар белгісінің элементтері, орналасқан жері, интернет-ресурсы (ол болған кезде), букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор қызметімен айналысуға арналған лицензияның берілген күні, қолданылу мерзімі мен нөмірі қамтылуы мүмкін.

2. 2007.19.06 № 264-III ҚР Заңымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

2018.28.12. № 211-VI ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара); 2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

3. Медициналық көрсетілетін қызметтерді, профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың әдістері мен құралдарын, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, мемлекеттік тіркеуге жататын, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудың және қадағалаудың бақылауындағы өнімді (тауарларды) жарнамалаудың ерекшеліктері Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасымен реттеледі.

4. 2009.16.07 № 186-IV ҚР Заңымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

2019.18.03. № 237-VI ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (2019 ж. 10 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

5. Қызметтік және азаматтық қаруды, сондай-ақ экспорты мен импорты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілетін қару-жарақты, әскери техниканы және қосарлы мақсаттағы өнімдерді жарнамалауға арнаулы басылымдарда ғана, сондай-ақ мамандандырылған көрмелерде немесе сату жәрмеңкелерінде жол беріледі. Аталған жарнама әскери және арнаулы қаруды, қару-жарақты, әскери техниканы жасау технологиясын, қолдану тәсілдерін тікелей немесе жанама түрде ашып көрсетпеуге тиіс.

2020.07.07. № 361-VI ҚР Заңымен 5-1-тармақпен толықтырылды

5-1. Темекі бұйымдарын және темекіні тұтыну процесін көрсету жүзеге асырылатын теле- және бейнефильмдерді қоса алғанда, аудиокөрінім туындыларды, теле-, бейне- және кинохроникалық бағдарламаларды көрсету кезінде хабар таратушы немесе көрсетуді ұйымдастырушы осындай туындыны, бағдарламаны тікелей көрсету алдында немесе көрсету кезінде темекі тұтынудың зияны туралы сүйемелдеуші мәтіндік хабарламамен қамтамасыз етуге тиіс.

2016.21.04. № 504-V ҚР Заңымен 6-тармақпен толықтырылды; 2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 6-тармақ жаңа редакцияда (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

6. Тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) бекітілген жобалау құжаттамасындағы сыныптамасына сәйкес келмейтін салынып жатқан немесе пайдалануға берілген тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) жарнамасына тыйым салынады.

2006.07.07. № 181-ІІІ ҚР Заңымен (2007.01.07. бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2023.06.02. № 194-VII ҚР Заңымен (2023 ж. 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 14-бап өзгертілді

14-бап. Қаржы, сақтандыру, инвестициялық қызметтерді, бағалы қағаздарды және қамтамасыз етілген цифрлық активтерді жарнамалау ерекшеліктері

Жеке және заңды тұлғалардың ақшасын пайдалануға байланысты қаржы (оның ішінде, банктік), сақтандыру, инвестициялық және өзге де көрсетілетін қызметтерге, бағалы қағаздарға, сондай-ақ қамтамасыз етілген цифрлық активтерге жарнама жасау, тарату, орналастыру кезінде:

2023.06.02. № 194-VII ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (2023 ж. 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1) жарнамаланатын қызметтер көрсетуге, бағалы қағаздарға немесе қамтамасыз етілген цифрлық активтерге тікелей қатысы жоқ ақпаратты жарнамада келтіруге;

2023.06.02. № 194-VII ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (2023 ж. 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2) жай акциялар бойынша кіріс алуға және дивидендтер мөлшеріне немесе қамтамасыз етілген цифрлық активтер бойынша кіріс алуға кепілдік беруге;

3) бағалы қағаздарды эмиссиясы тіркелмеген, сондай-ақ бағалы қағаздар эмиссиясы тоқтатыла тұрған немесе жасалмады деп танылған кезде жарнамалауға;

2023.06.02. № 194-VII ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (2023 ж. 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

4) қызметтің болашақтағы тиімділігі (кірістілігі) туралы, соның ішінде бағалы қағаздардың немесе қамтамасыз етілген цифрлық активтердің бағамдық құнының өсуін жариялау арқылы кез келген кепілдіктер немесе ұсыныстар беруге;

5) жарнамада айтылған, шарттардың елеулі талаптарының кез келгенін жасырып қалуға;

2007.19.06 № 264-ІІІ ҚР Заңымен 6) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара)

6) басқа жеке тұлғаларды белгілі бір кәсіпорынның қызметіне немесе сол кәсіпорынның тауарларын сатып алуға тарту есебінен азаматтарды өз табысын немесе пайдасын алуға шақыратын кәсіпкерлік қызмет түрлерін жарнамалауға;

2009.11.07. № 183-IV ҚР Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2016.07.04. № 487-V ҚР Заңымен (ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 7) тармақша жаңа редакцияда

7) сот үлескерлер ақшасын тартуға рұқсаттан айырғаннан кейін тұрғын үйлерді (тұрғын ғимараттарды) жарнамалауға тыйым салынады.

2007.19.06 № 264-ІІІ ҚР Заңымен 14-1-баппен толықтырылды

14-1-бап. Тауар белгілерін және осы белгілермен белгіленген тауарларды жарнамалау ерекшеліктері

1. Белгіленген тәртіппен тіркелген тауар белгілері түпнұсқа тілінде келтіріледі.

2. 2014.18.06. № 210-V ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

3. 2014.18.06. № 210-V ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

2020.30.12. № 394-VI ҚР Заңымен 14-2-баппен толықтырылды

14-2-бап. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шараптың тауар белгісін және (немесе) атауын жарнамалау ерекшеліктері

1. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шараптың тауар белгісін және (немесе) атауын жарнамалауға:

2024.08.07. № 116-VIII ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (2024 ж. 20 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

1) мынадай талаптар ескеріле отырып, отандық теле-, радиоарналарда (балалар мен діни арналарды қоспағанда) жергілікті уақыт бойынша кешкі сағат жиырма екіден бастап таңғы сағат алтыға дейінгі кезеңде рұқсат етіледі:

отандық телеарналардағы жарнамада трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау уақытында жарнама алаңының (кеңістігінің) кемінде он пайызында шарапты шамадан тыс тұтынудың зияны туралы ескерту қоса берілуге тиіс;

отандық телеарналарда жарнаманың трансляциялануы және (немесе) ретрансляциялануы кезінде масс-медиа саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес саламатты өмір салтын танымал ету жөніндегі екі әлеуметтік жарнама қоса беріледі;

радиоарналардағы жарнамада, оның трансляциялануы аяқталғанда, шарапты шамадан тыс тұтынудың зияны туралы ескертетін хабар қоса берілуге тиіс;

2024.08.07. № 116-VIII ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (2024 ж. 20 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

2) мынадай талаптар ескеріле отырып, мерзімді баспасөз басылымдарында (балалар мен діни басылымдарды қоспағанда) рұқсат етіледі:

газеттердің бірінші және соңғы беттерінде орналастырылмауға тиіс;

журналдардың, альманахтардың, бюллетеньдердің, оларға қосымшалардың бірінші және соңғы беттері мен мұқабаларында орналастырылмауға тиіс;

жарнама алаңының көлемі (кеңістігі) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шараптың тауар белгісі және (немесе) атауы жарнамасының жарнама алаңының көлеміне тең болатын саламатты өмір салтын танымал ету жөніндегі әлеуметтік жарнаманы қамтуға тиіс.

Саламатты өмір салтын танымал ету жөніндегі әлеуметтік жарнаманы қалыптастыру мен іріктеу масс-медиа саласындағы уәкілетті орган денсаулық сақтау және жарнама саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша бекітетін, саламатты өмір салтын танымал ету жөніндегі әлеуметтік жарнаманы қалыптастыру және отандық телеарналарда орналастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шараптың тауар белгісінің және (немесе) атауының жарнамасы:

1) шарапты жарнамаламауға;

2) еңбек қызметімен және көлік құралын басқарумен байланысты болмауға;

3) кәмелетке толмағандардың қатысуымен түсірілмеуге (жазылмауға), оның ішінде мультипликацияның (анимацияның) көмегімен орындалмауға;

4) кәмелетке толмағандарға бағытталмауға;

5) шараптың емдік қасиеттері бар деп сендірмеуге, оны шамадан тыс тұтынуды көтермелемеуге;

6) шарапты тұтынудан тартынуды айыптамауға;

7) шарапты тұтыну өзара қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал етеді деп сендірмеуге тиіс.

15-бап. Жарнама жасау, тарату, орналастыру кезінде кәмелетке толмағандарды қорғау

Жарнама жасау, тарату, орналастыру кезінде кәмелетке толмағандарды олардың сенімін және тәжірибесінің жоқтығын теріс пайдаланудан қорғау мақсатында:

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1) ата-ананың, тәрбиешілердің, педагогтардың беделін түсіруге, кәмелетке толмағандардың оларға деген сенімін жоғалтуға;

2) ата-ананы немесе басқа да адамдарды жарнамаланатын өнімді сатып алуға иландыра шақыратын тікелей ұсыныс жасауға;

3) белгілі бір өнімге ие болу басқалармен салыстырғанда қандай да болсын артықшылық беретінін, сондай-ақ қолда ондай өнімнің болмауы керісінше жағдайға алып келетінін кәмелетке толмағандарға тікелей көрсетуге;

4) кәмелетке толмағандарды қауіпті орындар мен жағдайларда көрсету алдын алу мақсаттарында ақталмаса, оны мәтіндік, көрнекі немесе дыбыстық ақпараттарды жарнамада орналастыруға;

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2020.29.06. № 352-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 5) тармақша жаңа редакцияда

5) әлеуметтік жарнаманы және кәмелетке толмағандарға арналған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің), сондай-ақ кәмелетке толмағандардың физикалық, психикалық денсаулығы мен адамгершілігіне зиянды әсер етуге алып келмейтін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жарнамасын қоспағанда, кәмелетке толмағандардың бейнелерін жарнамада көрнекі немесе дыбыстық пайдалануға;

6) өнімді пайдалану нәтижелері көрсетілген немесе сипатталған жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмағандардың өнімді пайдалану дағдыларының қажетті деңгейін кемітіп көрсетуге жол берілмейді. Жарнама өнім арналған жас мөлшері тобындағы кәмелетке толмағандар үшін нақты қол жеткізуге болатын ақпарат беруге тиіс;

7) кәмелетке толмағандардың бойында кәмелетке толмағандарға арналған өнімнің құны (бағасы) туралы шындыққа жанаспайтын (бұрмаланған) түсінік қалыптастыруға, сондай-ақ жарнамаланатын өнімге кез келген отбасы бюджеті қол жеткізе алады деген тікелей немесе жанама нұсқауға жол берілмейді.

16-бап. Жарнамасы бар материалдарды сақтау мерзімдері

Жарнамасы бар материалдарды немесе олардың көшірмелерін, оларға кейіннен енгізілетін өзгерістердің бәрін қоса алғанда, жарнама беруші, жарнама жасаушы бір жыл бойы, жарнама таратушы - жарнама соңғы таратылған, орналастырылған күннен бастап кемінде бір ай бойы сақтауға міндетті.

3-тарау. ЖАРНАМА САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

17-бап. Жарнама саласындағы мемлекеттік реттеу

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1. Жарнама саласындағы мемлекеттік реттеу деп Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленетін жарнама жасауды, таратуды және орналастыруды бақылау түсініледі.

Жарнама саласындағы мемлекеттік реттеуді жарнама саласындағы уәкілетті орган, жарнама саласындағы реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ жергілікті атқарушы

органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өздерінің құзыреті шегінде жүзеге асырады.

2. Жарнама саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары:

1) ұлттық мүдделерді қорғау;

2) жөнсіз жарнаманы, сондай-ақ қоғамдық құндылықтар мен жалпыға бірдей қабылданған мораль және адамгершілік нормаларына қол сұғатын жарнаманы болғызбау және оларға жол бермеу;

2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

3) жосықсыз бәсекеден қорғау;

2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен 4) тармақшамен толықтырлды (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді)

4) адамдардың өмірі мен денсаулығының және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырлды (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді); 2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

3. Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

2019.08.01. № 215-VI ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырлды (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді); 2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау осы Заңға және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жарнама таратушылардың және жарнама берушілердің қызметі жарнама саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау объектісі болып табылады.

Жарнама таратушылар және жарнама берушілер бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау субъектілері болып табылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді талдау арқылы жүргізіледі.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, бақылау субъектісіне бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным жіберіледі.

Ұсыным бақылау субъектісіне қолын қойғызып, жеке өзіне немесе оны жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол - ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен - тапсырыс хатпен пошта жөнелтілімін алғаны туралы хабардар етілген күннен бастап;

3) электрондық тәсілмен - мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы орган сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органға ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау айына екі реттен жиілетпей жүргізіледі.

2007.19.06 № 264-ІІІ ҚР Заңымен 17-1 баппен толықтырлды; 2019.08.01. № 215-VІ ҚР Заңымен 17-1-бап жаңа редакцияда (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

17-1-бап. Жарнама саласындағы уәкілетті органның және жарнама саласындағы реттеуші мемлекеттік органдардың құзыреті

1. Жарнама саласындағы уәкілетті орган:

1) сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру [қағидаларын](#) әзірлейді және бекітеді;

2) 2023.19.04. № 223-VІІ ҚР Заңымен алып тасталды *(2023 ж. 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2024.08.07. № 116-VІІІ ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2024 ж. 20 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

2. Масс-медиа саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) міндетті теле-, радиоарналарда әлеуметтік жарнаманы қалыптастыру және орналастыру [қағидаларын](#) бекітеді;

2) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган өз құзыреті шегінде:

1) сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыру [қағидаларын](#) әзірлейді және бекітеді;

2) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастыру [тәртібін](#) әзірлейді және бекітеді;

2) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Жарнама саласындағы реттеуші мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

1) жарнама саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2007.19.06 № 264-ІІІ ҚР [Заңымен](#) 17-2-баппен толықтырылды; 2011.05.07. № 452-ІV ҚР [Заңымен](#) 17-2-бап жаңа редакцияда (алғашқы ресми [жарияланғанынан](#) кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізілді) ([бұр. ред. қара](#)); 2014.29.12. № 269-V ҚР [Заңымен](#) ([бұр. ред. қара](#)); 2015.29.10. № 376-V ҚР [Заңымен](#) (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр. ред. қара](#)); 2018.24.05. № 156-VI ҚР [Заңымен](#) ([бұр. ред. қара](#)) 17-2-бап өзгертілді; 2019.08.01. № 215-VI ҚР [Заңымен](#) 17-2-бап жаңа редакцияда (2019 ж. 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр. ред. қара](#))

17-2-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті

1. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары:

1) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес сыртқы (көрнекі) жарнаманы республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы және облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қаланың аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыру туралы хабарламалар қабылдауды және қарауды жүзеге асырады; *2023.19.04. № 223-VII ҚР [Заңымен](#) 1-1) тармақшамен толықтырылды (2023 ж. 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді)*

1-1) мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың [тізбесін](#) бекітеді;

2) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) хабардар етпей орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнаманы және ғимараттар (құрылысжайлар) меншік иелерінің, тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің немесе кондоминиум объектісін басқару органының, ғимараттарға (құрылысжайларға) өзге заттай құқықтары бар тұлғалардың келісімінсіз орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін анықтайды;

4) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын бұзушылықты жою туралы орындалуы міндетті нұсқамалар береді;

5) сыртқы (көрнекі) жарнаманың республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы, облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қаланың аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде нақты орналастырылғанын орналастыру орнын, жарнама таратушының атауын және орналастыру фактісі анықталған күнді міндетті түрде көрсете отырып, оның орналастырылу фактісін бір рет фото немесе бейне растау жолымен анықтайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асырады.

2. Ауданның жергілікті атқарушы органдары:

1) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру туралы хабарламалар қабылдауды және қарауды жүзеге асырады;

2) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) хабардар етпей орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнаманы және ғимараттар (құрылысжайлар) меншік иелерінің, тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің немесе кондоминиум объектісін басқару органының, ғимараттарға (құрылысжайларға) өзге заттай құқықтары бар тұлғалардың келісімінсіз орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін анықтайды;

4) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын бұзушылықты жою туралы орындалуы міндетті нұсқамалар береді;

5) сыртқы (көрнекі) жарнаманың аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде нақты орналастырылғанын орналастыру орнын, жарнама таратушының атауын және орналастыру фактісі анықталған күнді міндетті түрде көрсете отырып, оның орналастырылу фактісін бір рет фото немесе бейне растау жолымен анықтайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асырады.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру қағидалары негізінде жарнама саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының

бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру тәртібі мен шарттары туралы [қағидаларды](#) әзірлейді және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарына бекітуге ұсынады.

2022.30.06. № 130-VII ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

4. Осы Заңда және «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының [Заңында](#) көзделген жағдайларды қоспағанда, жергілікті өкілді және атқарушы органдарға сыртқы (көрнекі) жарнаманы реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға тыйым салынады.

2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен 18-бап өзгертілді (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

18-бап. Жарнамалық ақпарат беру

Осы Заңның талаптары орындалмаған жағдайда уәкілетті органдардың талап етуі бойынша жарнама беруші Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жарнамалық ақпараттың құжаттық растамасын беруге міндетті.

19-бап. Теріске шығару

2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

1. Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңдарын бұзу фактісі анықталған жағдайда, бұзушылыққа жол берген тұлға мұндай жарнаманы таратуды, орналастыруды дереу, бірақ күнтізбелік үш күннен кешіктірмей тоқтатуға және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен теріске шығаруды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте теріске шығару жөніндегі шығыстардың бәрін бұзушылыққа жол берген тұлға көтереді.

2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

2. Теріске шығару нақ сол тарату, орналастыру құралдарымен және тәсілдерімен теріске шығарылатын жөнсіз жарнама сияқты, ұзақтығының, кеңістігінің, орны мен тәртібінің нақ сондай сипаттамалары мен өлшемдері пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

Жөнсіз сыртқы (көрнекі) жарнаманы теріске шығару сыртқы (көрнекі) жарнаманың сол объектісінде сол сипаттамалар мен ұзақтық өлшемдерін пайдалана отырып, бірақ күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

2024.06.04. № 71-VIII ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2024 ж. 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)

3. Егер теріске шығару белгіленген мерзімде жүзеге асырылмаса, онда мемлекеттік бақылау және қадағалау органының шешімі бойынша теріске шығаруды жарнама туралы Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуына жол берген және белгіленген мерзімде теріске шығаруды жүзеге асырмаған тұлғаға келтірілген шығындарды өтеу туралы кері талап қою (регресс) құқығы бар жарнама таратушылар жүзеге асыруға тиіс.

20-бап. Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

1. Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңдарының жарнаманың мазмұнына қатысты бұзылғаны үшін, егер ол жарнама жасаушының не жарнама таратушының кінәсінен болғаны дәлелденбесе, жарнама беруші жауапты болады.

2. Жарнама жасаушы Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңдарының жарнаманы ресімдеуге немесе жасауға қатысты бұзылғаны үшін жауапты болады.

3. Жарнама таратушы Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңдарының жарнама таратудың, орналастырудың уақытына, орнына және тәсіліне қатысты бұзылғаны үшін жауапты болады.

4. Осы баптың 1, 2, 3-тармақтарында аталған тұлғалардың жауаптылығы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен туындайды.

21-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң, 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін [13-бабы 1-тармағының 1\) тармақшасын](#) қоспағанда, [ресми жарияланған](#) күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н. Назарбаев